


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 4 хаттама, 2024 жыл)



ҒЫЛЫМИ АТАҚТАР БЕРУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2024

Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қызылорда «Болашақ» университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент), профессоры ғылыми атақтарын беру тәртібін белгілейді.

2. Аталған ереже 27.07.2007 ж. ҚР «Білім туралы» (2011 ж. 24 қазандағы өзгертулер мен толықтырулармен), 01.07.2024 ж. ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңдарына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №128 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435) «Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесіне» сәйкес жасалды.

3. Қызылорда «Болашақ» университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент), профессоры ғылыми атақтары университет Ғылыми кеңесінің шешімімен толық ставкада жұмыс жасайтын «Болашақ» университеті профессор-оқытушылар құрамына жоғары мектеп кеңесі және жалпы университет кафедралары отырысының ұсыныс шешімдері негізінде университет Ғылыми кеңесінде беріледі.

4. Қызылорда «Болашақ» университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент), профессоры атағы жасырын дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес мүшелерінің 3/2 жақтап дауыс берген жағдайда беріледі.

5. Қауымдастырылған профессор (доцент), профессоры атағы Ғылыми кеңес шешімі қабылданған күннен бастап күшіне енеді және тек осы университет көлемінде ғана заңды деп танылады.

6. Осы ережеде ескерілмей қалған жағдайларды өз құзіреттілігі шеңберінде Ғылыми кеңес қарастырады. Осы ережемен ескерілмей қалған даулар, соның ішінде академиялық атағынан айыру туралы мәселелер ҚР қолданыстағы заң актілерінің негізінде қарастырылып, соңғы шешімді Ғылыми кеңес қабылдайды.

1. Ізденушілерге қойылатын талаптар

1.1. Қызылорда «Болашақ» университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент) ғылыми атағы ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD доктор ғылыми дәрежесі бар осы ұйымда толық ставкада жұмыс жасайтын тұлғаларға:

1) Диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 3 (үш) жылдан кем емес, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да қауымдастырылған профессордан (доценттен) немесе ғылыми ұйымда аға ғылыми қызметкерден төмен емес лауазымда, ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйым басшысы, басшысының орынбасары, бөлімшелерінің басшылары лауазымдарында 2 (екі) жыл үзіліссіз еңбек өтілі болған жағдайда беріледі.

2) Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар үміткерлер үшін ЖЖОКБҰ-да қауымдастырылған профессордан (доценттен) немесе ғылыми ұйымда аға ғылыми қызметкерден төмен емес лауазымдағы еңбек өтілі талап етілмейді;

3) Диссертация қорғағаннан кейін жарияланған және үміткердің мамандығына сәйкес келетін мерзімді ғылыми басылымдарда кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақаласы, оның ішінде уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 10 (он) ғылыми мақаласы және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақаласы болған жағдайда беріледі.

2.2 Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы **Қызылорда «Болашак» университетінде** толық ставкада жұмыс істейтін үміткерлерге - **өнер және сәулет саласындағы мамандарға** мынадай жағдайларда беріледі:

1) ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте үзіліссіз өтілі;

2) диссертация қорғағаннан кейін жарияланған сұратылған мамандық бойынша кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақаласы (тезистер емес) және (немесе) шығармашылық еңбектері, оның ішінде:

- уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 10 (он) ғылыми мақаласы және (немесе) Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері;

- шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі) немесе шетелде ұсынылған 1 (бір) шығармашылық еңбегі;

- шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 2 (екі) баяндамасы немесе халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 1 (бір) рет қатысуы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, ізденушіге кемінде 4 (төрт) баспа табағы тиесілі); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, көлемі 4 (төрт) баспа табақтан кем емес, оқу процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым). Даярлаған тұлға (ұжым) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаты, жүлдегері есептеледі.

2.3 Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған құрметті атаққа ие болған, **Қызылорда «Болашак» университетінде** жұмыс істейтін **өнер және сәулет** саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте 3 (үш) жылдан кем емес үзіліссіз өтілі;

2) сұратылған мамандық бойынша кемінде 10 (он) ғылыми мақаласы (тезистер емес) және (немесе) шығармашылық еңбектері;

3) талаптарға сәйкес монографиясы/оқу-әдістемелік құралы/оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым).

2.4 **Қызылорда «Болашак» университетінің профессоры ғылыми атағы** қауымдастырылған профессор (доцент) немесе аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар толық ставкада жұмыс істейтін тұлғаларға:

1) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 5 (бес) жылдан кем емес, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да профессордан төмен емес лауазымда немесе ғылыми ұйымда сәйкес келетін лауазымда, ЖЖОКБҰ-ның немесе ғылыми ұйымның

басшысы, басшысының орынбасары, бөлімшелер басшылары лауазымдарында 2 (екі) жыл үзіліссіз еңбек өтілі;

2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін үміткердің мамандығына сәйкес келетін мерзімді ғылыми басылымдарда жарияланған 28 (жиырма сегіз) ғылыми мақаласы, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 20 (жиырма) ғылыми мақала және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2 квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші үміткердің мамандығына сәйкес ғылыми сала бойынша кемінде 50 болатын) 3 (үш) ғылыми мақала болған жағдайда беріледі.

2.5 Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) немесе аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар және **«Болашақ» университетінде толық ставкада жұмыс істейтін өнер және сәулет** саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) талаптарға сәйкес ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте үзіліссіз өтілі;

2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған (жасалған), сұратылған мамандық бойынша кемінде 28 (жиырма сегіз) ғылыми мақаласы (тезистер емес) және (немесе) шығармашылық еңбегі, оның ішінде:

уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 20 (жиырма) ғылыми мақаласы және (немесе) Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері;

шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы және (немесе) шетелде ұсынылған 3 (үш) шығармашылық еңбегі;

шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 3 (үш) баяндамасы немесе халықаралық конкурса, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 2 (екі) рет қатысуы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған монографиясы (авторлығы кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайтын); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқулығы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, жалпы көлемі 6 (алты) баспа табактан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған 2 (екі) тұлға (ұжымдар). Даярлаған тұлғалар (ұжымдар) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары, жүлдегерлері есептеледі.

2. Міндеттері

Қызылорда «Болашақ» университетінің қауымдастырылған профессоры мен профессоры ғылыми атағы бар ПОҚ 5 жыл мерзімде бір рет (ғылыми атақты алған күннен бастап есептегенде) аттестаттау комиссиясынан қайта аттестаттаудан өтеді. Аттестаттау комиссиясының шешімі университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі. 5 жыл мерзім ішінде университеттің қауымдастырылған профессоры мен

профессоры ғылыми атағының иегері Ғылыми кеңес арқылы тиісті тәртіпке сәйкес Комитетке қауымдастырылған профессор/профессорлық атаққа құжаттарын жіберуге міндетті.

3. Өзгеріс енгізу

4.1 Университеттің академиялық қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор атағын беру және айыру жөніндегі ұсыныс Ғылыми кеңесте қаралады.

4.2 Ұсыныстар мен апелляциялар бойынша қабылданған Ғылыми кеңес шешімі бұзылмайды.